

Жыл сайын ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 18 сәуірдегі № 138 "Қазақстан Республикасы Атырау облысы Жыл сайын ауданы Қосшағыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Қосшағыл" мәдениет үйі коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Атырау облысы Жыл сайын ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 15 қаңтардағы № 10 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңың 31, 37 баптарын, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі Заңының 26 бабын басшылыққа ала отырып және "Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Атырау облысы бойынша департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 08 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің нормаларын бұзушылықтарды тоқтату туралы Нұсқамасы негізінде аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жыл сайын ауданды әкімдігінің 2017 жылғы 18 сәуірдегі № 138 "Қазақстан Республикасы Атырау облысы Жыл сайын ауданы Қосшағыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Қосшағыл" мәдениет үйі коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Атырау облысы Жыл сайын ауданы Қосшағыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Қосшағыл" мәдениет үйі коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Жарғысы осы қаулының қосымшасына сай жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы қаулыдан туындайтын шараларды жүзеге асыру "Қазақстан Республикасы Атырау облысы Жыл сайын ауданы Қосшағыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне (Ж.Еркінов) тапсырылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысының міндетін атқарушы Е.Шымырбайға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Каражанов

Жыл сайын ауданы

әкімдігінің 2024 жылғы

15 қаңтардағы № 10

қаулысы

Жыл сайын ауданы

әкімдігінің 2017 жылғы

18 сәуірдегі № 138 қаулысымен

бекітілген

**"Қазақстан Республикасы Атырау облысы Жылъыой ауданы Қосшағыл ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қосшағыл мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ЖАРҒЫСЫ"**

**1. Жалпы ережелер**

1. "Қазақстан Республикасы Атырау облысы Жылъыой ауданы Қосшағыл ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Қосшағыл мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Жылъыой ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 18 сәуірдегі № 138 қаулысына сәйкес құрылды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы (бұдан әрі – Құрылтайшы) Жылъыой ауданы әкімдігі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын "Жылъыой ауданы экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган (бұдан әрі – Басқару органды) "Қосшағыл ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы: "ҚР Атырау облысы Жылъыой ауданы Қосшағылауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Қосшағыл мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Жылъыой ауданы, Қосшағыл ауылдық округі, Қосшағыл ауылы, Қамыскөл көшесі, №79, пошта индексі 060108.

**2. Мемлекеттік кәсіпорынның заңдық мәртебесі**

8. Кәсіпорын заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысуышысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндettі түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

### **3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары**

12. Кәсіпорын қызметінің мәні мәдениет саласындағы қызметті жүзеге асыру;

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты мәдениет саласындағы қызметті ұйымдастыру;

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) тұрғындар арасында түрлі мәдени-көпшілік жұмыстар жүргізу арқылы, олардың бос уақыттарын тиімді пайдалануына жағдай жасау;

2) халық арасында ұлттық өнер мен салт дәстүрді нәсихаттау, ақыл- ойы дамыған үрпақты тәрбиелеуге қажетті әдістер мен тәсілердерді пайдалана отырып, Кәсіпорынның әлеуметтік-экономикалық статусын көтеру;

3) тұрғындардың әртүрлі топтарының тілек-мүдделері мен рухани қажеттіліктерінің сұраныстарына байланысты жаңа мәдени қызметтерді ұйымдастыру жұмыстарының әдістері мен нормаларын енгізу. Жас үрпақты мәдени шараларға белсенді қатыстыру;

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайши не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органының немесе жергілікті атқарушы органының не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

### **4. Кәсіпорынды басқару**

17. Құрылтайшы:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік береді;

3) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндettі жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

4) Кәсіпорынның даму жоспарын және оны орындау жөніндегі есепті қарайды, келіседі және бекітеді;

- 5) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;
- 6) Коммуналдық мұлікті Кәсіпорынға бекітеді;
- 7) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;
- 8) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды ;
- 9) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;
- 10) Кәсіпорын мүлкінің есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;
- 11) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;
- 12) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Кәсіпорынның басшысы оның органы болып табылады.

19. Басқару органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

20. Кәсіпорынның басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және егер "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі-Заң) Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Заңмен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді, және осы жарғымен өзгеше көзделмесе:

21. Басшы:

- 1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мұдделерін барлық органдарда білдіреді;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;
- 3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) банктік шоттар ашады;
- 6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелей шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады.

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтөн босату үшін Басқару органына кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) Мыналарға:

таза кірістің белгіленген бөлігі уақтылы бюджетке аударылмағаны үшін; кәсіпорының даму жоспарын іске асырудың нәтижелілігі және тиімділігі үшін жауапты болады.

10.1. Кәсіпорынның қаржы - шаруашылық қызметі және мүлкінің сақталуы үшін дербес жауаптылықта болады.

11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

12) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекетке бағытталған шаралар қабылдайды және жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылдауына дербес жауапты болады.

## 5. Кәсіпорынның мүлкі

22. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның тенгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

23. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

24. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктен;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

25. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

26. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайши келмесе, Қазақстан Республикасының

Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

27. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

28. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз тенгеріміне бекіткен сәтінде туындаиды.

29. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

30. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы, меншік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген негіздері бойынша және тәртіпте, сондай-ақ "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 144, 154, 162 - баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

31. Кәсіпорын осы Жарғының 29-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге құқылы.

31-1. Кәсіпорын дебиторлық берешекті тиісті саланың уәкілетті органының жазбаша келісімімен беруге және есептен шығаруға, қарыздар беруге құқылы.

32. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

## **6. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру**

33. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

34. Кәсіпорын таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

35. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

36. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

## **7. Кәсіпорынның жарғылық капиталы**

37. Кәсіпорынның жарғылық капиталы жедел басқару құқығындағы меншік иесінінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

## **8. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі**

38. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы

занамасына және қаржылық есептіліктің Басқару органының келісімі бойынша қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (жедел басқару құқығындағы) сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

39. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

## **9. Кәсіпорынның жауапкершілігі**

40. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы занды тұлғаның тарату жағдайларын қоспағанда, қазыналық кәсіпорынның қалған мүліктін алып қоюға жол берілмейді.

41. Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қазыналық кәсіпорынның ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

## **10. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу**

42. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын Басқару органы белгілейді.

43. Кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбекке ақы төлеу жүйесін "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысымен белгілейді.

## **11. Еңбек ұжымымен өзара қатынас**

44. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

45. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек занамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

## **12. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату**

46. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

47. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды Басқару органы жүзеге асырады.

48. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

49. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

### **13. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

50. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар Басқаруы органды енгізілді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК